

Ж.Тәшенев атындағы №10 мектеп-гимназиясының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар:

Орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасы білім берудің зайырлы сипатына сай болуы керек.

Мектеп формасының пішіні мен түсі классикалық стильде, бірыңғай түстік гаммада сақталуы тиіс. Түстердің араласуы үш түстен аспауы керек. Мектеп формасының негізгі түсі – қою көк. Мектеп формасы оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып енгізіледі.

Ұл балалардың мектеп формасы мыналарды қамтиды: пиджак, жилет, шалбар, салтанатты көйлек, күнделікті көйлек, ақ поло. Қысқы кезеңде – тоқыма жилет, водолазка. Ұлдардың шалбары еркін пішілген, ұзындығы тобықты дейін жетеді.

Қыз балалардың мектеп формасы келесіні қамтиды: пиджак, жилет, белдемше (ұзындығы тізеден 5 см-ден жоғары болмауы тиіс), шалбар, ақ поло, классикалық блузка.

Қысқы кезеңде – тоқыма жилет, сарафан, водолазка. Қыздардың шалбары еркін пішілген және ұзындығы тобықты жабуы тиіс. Салтанатты форма: ұлдар үшін – күнделікті формаға ақ көйлек қосылады, қыздар үшін – ақ блузка. Спорттық форма ұлдар мен қыздарға бірдей: спорттық костюм (спорттық шалбар, футболка), спорттық аяқ киім (кроссовка, кед).

Мектеп Жарғысының 55-тармағындағы 5,6 тармақшасына сәйкес мектепте бірыңғай мектеп формасының талаптарына сәйкес келмейтін элементтерді киюге тыйым салынады. Атап айтқанда, бас киімдер (такия, тюбетейка, вандамка, кепка, орамал, тюрбан, хиджаб және т.б.) киюге тыйым салынады.

Мектеп Жарғысының 59-тармағына сәйкес мектеп формасына жарамсыз киім түрлеріне травматикалық фурнитурасы бар, түрлі түсті ала, қызыл, сары, жасыл және басқа ашық түстердегі, сәндік киімдер, үнемі спорттық үлгідегі киімдер, футболка мен қысқа юбкалар жатады — бұларды киюге тыйым салынады.

Сондай-ақ, мектеп формасына кірмейтін аксессуарларға да тыйым салынған. Олардың қатарына мұрынға, бетке, ерінге пирсинг жасау, салпыншақ сырға тағу, қалың шынжыр, татуировка жасатуға тыйым салынады. Мектеп формасына қойылатын талаптар ауа райы жағдайларын, сабақ өтетін орынды және сыныптағы температуралық режимді ескере отырып жүзеге асырылады.

Ата-аналар және өзге де заңды өкілдер оқушылардың мектепте белгіленген формада жүруін қамтамасыз етуге міндетті.